

Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы кейбір өзгерістер туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2008 жылғы 4 маусымдағы № 103 шешімі және Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 4 маусымдағы № 9 қаулысы. Қостанай облысы Әділет департаментінде 2008 жылғы 23 маусымда № 3642 тіркелді

Ескерту. Мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша "селолар", "селолық", "селосы", "селолардың", "селосының", "селолары" деген сөздер тиісінше "ауылдар", "ауылдық", "ауылы", "ауылдардың", ауылының", "ауылдары" деген сөздермен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді - Қостанай облысы әкімдігінің 04.07.2014 № 9 қаулысымен және Қостанай облысы мәслихатының 04.07.2014 № 297 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 6) тармақшасына, 8-бабына және 11-бабының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қостанай облысының Қостанай қаласы мен Қостанай ауданы әкімшілік шекараларының өзгерістері туралы" 2008 жылғы 31 мамырдағы № 533 қаулысына және Ресей-Қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы келісімге сәйкес, жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың пікірін есепке ала отырып Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ** және Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Тұрғындар саны 50-ден кем мынадай ауылдар таратылсын және Қостанай облысының есептік деректерінен алынып тасталсын:
 - Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округінің Қарақұдық ауылы,
 - Науырзым ауданы Өлеңді ауылдық округінің Қарақұдық ауылы,
 - Науырзым ауданы Науырзым ауылдық округінің Октябрь ауылы,
 - Науырзым ауданы Науырзым ауылдық округінің Сарышығанақ ауылы,
 - Науырзым ауданы Өлеңді ауылдық округінің Урожайное ауылы,
 - Науырзым ауданы Өлеңді ауылдық округінің Шолаққопа ауылы,
 - Федоров ауданы Первомай ауылдық округінің Дружба ауылы,
 - Федоров ауданы Жаркөл ауылдық округінің Целинное ауылы.
2. Таратылған ауылдық елді мекендер мына ауылдардың құрамына енгізілсін:
 - Қарақұдық ауылы Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округінің Дәмді ауылының құрамына ,
 - Қарақұдық ауылы Науырзым ауданы Өлеңді ауылдық округінің Өлеңді ауылының құрамына ,
 - Октябрь ауылы Науырзым ауданы Науырзым ауылдық округінің Қожа ауылының құрамына ,

Сарышығанақ ауылы Науырзым ауданы Науырзым ауылдық округінің Қожа
ауылының құрамына ,

Урожайное ауылы Науырзым ауданы Өлеңді ауылдық округінің Өлеңді ауылының
құрамына ,

Шолаққопа ауылы Науырзым ауданы Өлеңді ауылдық округінің Өлеңді ауылының
құрамына ,

Дружба ауылы Федоров ауданы Первомай ауылдық округінің Первомай ауылының
құрамына ,

Целинное ауылы Федоров ауданы Жаркөл ауылдық округінің Владкино ауылының
құрамына .

3. Науырзым ауданының Дәмді ауылдық округі Дәмді ауылы;
Науырзым ауданының Өлеңді ауылдық округі Өлеңді ауылы болып қайта құрылсын

4. Қостанай облысының есептік деректерінен мынадай ауылдар алынып тасталсын:
Қостанай қаласының құрамына енгізілген Қостанай ауданы Дружба ауылдық
округінің Дружба, Қонай, Ударник ауылдары;

Ресей Федерациясының құрамына берілген Қарабалық ауданы Победа ауылдық
округінің Огнеупорное ауылы .

5. Қостанай ауданының Дружба ауылдық округі Жданов ауылдық округі болып
қайта аталсын. Жданов ауылдық округінің орталығы Жданов ауылы болып
айқындалып, округ құрамына Жданов, Аққабак, Васильев, Киров, Семилетка ауылдары
енгізілсін .

6. Осы бірлескен шешім мен қаулы, оның бірінші ресми жарияланған күнінен он
күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

Кезектен тыс сессияның
төрағасы, Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы

Қостанай облысының
әкімі